X3CrNiMo17-13-3	1.4436	195	177	162	147	137	127	120	115	112	110	108	228	211	191	177	167	156	150	144	141	139	137	300		
X2CrNiMo18-14-3	1.4435	180	165	150	137	127	119	113	108	103	100	96	217	200	180	165	153	145	139	135	130	128	127	400		
X2CrNiMoN17-13-5	1.4439	260	225	200	185	175	165	155	150	-	-	-	290	255	230	210	200	190	180	175	-	-	-	400		
X2CrNiMo18-15-4	1.4438	200	172	157	147	137	127	120	115	112		108	232	206	188	177	167	156	148	144	140	138	136	400		
X1NiCrMoCu31-27-24	1.4563	210	190	175	160	155	150	145	135	125	120	115	240	220	205	190	185	180	175	165	155	150	145	400		
X1NiCrMoCu25-20-5	1.4539	216	205	190	175	160	145	135	125	115	110	105	244	235	220	205	190	175	165	155	145	140	135	400		
X1CrNiMoCuN20-16-7	1.4547	267	230	205	190	180	170	165	160	153	148	-	306	270	245	225	212	200	195	190	184	180	-	400		
X1NiCrMoCuN25-20-7	1.4529	270	230	210	190	180	170	165	160	130	120	105	310	270	245	225	215	205	195	190	160	150	135	400		

<sup>a</sup>Қалыңдығы 60 мм-ден асатын қабырғалар үшін беріктік шегін анықтау сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісім объектісі болып табылады. **10 Опция.** Қалыңдығы 60 мм-ден асатын қабырғалар үшін жоғары температура кезінде беріктік шегін анықтау келісімі.

<sup>b</sup>Осы температураға дейін 100 000 сағ дейін ұстаған кезде материал кристаллитаралық жемірілуін сезгіштік жағынан өзгерістерге ұшырамауы тиіс, сынаулар EN ISO 3651-2 сәйкес өткізілуі тиіс. Сондай-ақ 6 -кестені қараңыз.

**9-кесте. Кристаллитаралық коррозияны сынау кезінде жіберуге арналған ерітінді (+АТ) және шекті температураға арналған ұсыныстар жағдайында, қабырғаларының қалыңдығы 30 мм дейін болатын аустенит-ферритті болаттар үшін жоғары температура кезіндегі беріктіктің минималды шегі R<sub>p0.2</sub>**

Болат маркасы		R <sub>p0.2</sub> minМПа Температура °С				
Атауы	Болат нөмірі	50	100	150	200	250 <sup>a</sup>
X2CrNiMoN22-5-3	1.4462	415	360	335	310	295
X2CrNiN23-4	1.4362	370	330	300	280	265
X2CrNiMoN25-7-4	1.4410	502	450	420	400	380
X2CrNiMoCuWN25-7-4	1.4501	502	450	420	400	380

<sup>a</sup>Осы температураға дейін 100 000 сағ дейін ұстаған кезде материал кристаллитаралық жемірілуін сезгіштік жағынан өзгерістерге ұшырамауы тиіс, сынаулар EN ISO 3651-2 сәйкес өткізілуі тиіс. Сондай-ақ 7 -кестені қараңыз.

#### 8.4 Жемірілу беріктігі

6 және 7-кестелерде келтірілген деректер, сынаулар көрсетілген А, В немесе С әдісі бойынша ENISO 3651-2 сәйкес жүргізілетін, болаттардың кристаллитаралық жемірілуін беріктігіне қатысты.

Кристаллитаралық жемірілуін сезгіштікті зерттеу кезіндегі шекті температураға арналған ұсынылатын мәндер 8 және 9 -кестелерде көрсетілген.

*13-опция: Кристаллитаралық жемірілу беріктігінің сынаулары жүргізілуі тиіс.*

Арнайы коррозиялық сынаулардың қажеттілігі жағдайында өтінім немесе тапсырыс кезінде келісу талап етіледі.

#### 8.5 Сыртқы түрі және ішкі беріктігі

##### 8.5.1 Сыртқы түрі

8.5.1.1 Құбырлар ішкі және сыртқы беттік кедір-бұдырлылықсыз болулары тиіс, ол көзбен шолып қараумен анықталады.

8.5.1.2 Құбырлардың ішкі және сыртқы беттерін өңдеу өндіріс процесі үшін қалыпты болуы тиіс, қажет болған жағдайда термиялық өңдеу қолданылады. Беттерді өңдеу және олардың күйі, тегістеуді талап ететін беттің кез-келген кедір-бұдырлығы айқындалатындай болуы тиіс.

8.5.1.3 Беттік кедір-бұдырлықтар ажарлау немесе станокта өңдеу арқылы тегістеу үшін қолжетімді болулары тиіс, одан кейін өңделетін учаскедегі қабырғалардың қалыңдығы белгіленген минималды қалыңдықтан төмен болмауы тиіс. Барлық тегістелген беттер құбыр профилімен тегістеліп ұштастырылуы қажет.

8.5.1.4 Қабырғалар қалыңдығының белгіленген минималды мәнін бұзатын беттік кедір-бұдырлықтар ақаулар ретінде қарастырылуы қажет, және осы ақаулары бар құбырлар осы стандартқа сәйкес емес деп есептелінеді.

8.5.1.5 Жікті жөндеуге тек сатып алушының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Барлық жөндеу рәсімдері термиялық өңдеу алдында жүргізілуі тиіс, және барлық жөнделген учаскелерге 11.11 сәйкес бұзылмайтын бақылау өткізілуі қажет.

*14-опция: Жікті жөндеуге сатып алушының келісімі бойынша рұқсат етіледі.*

Диаметрі 168,3 мм-ден асатын немесе соған тең болатын, қоспалы металды пайдаланып немесе пайдаланбай дәнекерленген құбырлар үшін, жікті жөндеу үйлесімді

## ҚР СТ EN 10217-7-2015

қоспалы металды қосу арқылы орындалуы мүмкін. Жөнделетін учаске жіктің ұзындығынан 20%-дан артық болмауы тиіс. Жіктің жөнделуі ерекшелікте сипатталған рәсімге сәйкес жүргізілуі тиіс (WPS).

### 8.5.2 Ішкі беріктігі

#### 8.5.2.1 Жалпы

Жіктің тұсында жарылулар болмауы тиіс, ерітулер мен пісірулер болмауы қажет.

#### 8.5.2.2 Герметикалық

Құбырлар герметикалыққа гидростатикалық сыналуы (11.8.1), немесе құйынды токпен сыналуы (11.8.2) тиіс. Егер опция 15 таңдалмаса, сынау әдісін таңдау дайындаушының қарауында болады.

*15-опция: 11.8.1 немесе 11.8.2 сәйкес герметикалыққа сынау әдісін сатып алушы анықтайды.*

#### 8.5.2.3 Бұзылмайтын сынау

Дәнекерленген жік бүкіл ұзындығы бойынша 11.11.1 сәйкес ақаулардың болуына бұзылмайтын сынаудан өтуі тиіс.

*16-опция: 2 сынау санатының құбырлары, 11.11.2 сәйкес, құбырлардың шеттерінде ламинарлық ақаулардың болуына бұзылмайтын сынаудан өтулері тиіс.*

*17-опция: 2 сынау санатының құбырларын өндіру үшін пайдаланылатын жолақтардың немесе тілімшелердің шеттері, 11.11.3 сәйкес, ламинарлық ақаулардың болуына бұзылмайтын сынаудан өтулері тиіс.*

*Бұзылмайтын бақылау бойынша барлық іс-шараларды, жұмыс берушіден жұмыстарды өткізуге рұқсат алған, 1, 2 және / немесе 3 разрядтағы білікті және құзыретті персонал өткізеді.*

*Жұмыскерлер ISO 11484 немесе эквиваленті бойынша білікті болулары қажет.*

*3 разрядтағы жұмыскерлердің EN ISO 9712 немесе эквиваленті бойынша сертификатталған болулары ұсынылады.*

*Жұмыстар жүргізуге рұқсатты жұмыс беруші жазбаша түрде беруі қажет.*

*Бұзылмайтын бақылау бойынша барлық іс-шараларды өткізуге 3 разрядтағы жұмыскер және жұмыс беруші рұқсат беруі қажет.*

*Ескертпе - 1,2 және 3 разрядтардың анықтамалары тиісті стандарттарда, мәселен EN ISO 9712 және ISO 11484 стандарттарында сипатталған.*

Құбырларда III және IV санаттардың қысыммен жұмыс істейтін жабдықтары пайдаланылса, персоналды мүше-мемлекетпен мойындалған сырттағы ұйым бекітуі тиіс.<sup>1</sup>

## 8.6 Түзу сызықтылық


Ұзындығы L болатын кез-келген құбырдың түзу сызықтылықтан ауытқуы 0,0015L шамасынан артық болмауы тиіс. Ұзындықтың әр метрінде түзу сызықтылықтан ауытқу 3 мм-ден аспауы тиіс.

## 8.7 Шеттерді дайындау

Құбырлар шеттері тік кесіліп жеткізіледі. Шеттері қылаулардан бос болуы қажет.

*18-опция: Қабырғаларының қалыңдығы  $\geq 3,2$  мм болатын құбырлар шеттері қисайған болып жеткізіледі (1-суретті қараңыз). Қисаюдың, келісім бойынша қисаюдың*

балама бұрышы орнатылатын, қалыңдығы 20 мм болатын қабырғаларды есепке алмағанда, мұқалған жиегі  $C (1,6 \pm 0,8)$  мм, бұрышы  $\alpha = (30 \pm 5)^\circ C$  болуы мүмкін.



Мұндағы  
 D– сыртқы диаметр;  
 a– кисаю;  
 C мұқалған жиек.

1-сурет. Құбыр шетінің кисаюы

### 8.8 Өлшемдер, массалар және рұқсаттық шектер

#### 8.8.1 Сыртқы диаметр және қабырғалардың қалыңдығы

Құбырларға сыртқы диаметр  $D$  мен қабырғалардың қалыңдығы  $T$  бойынша тапсырыс беріледі. Сыртқы диаметр  $D$  мен қабырғалар қалыңдығының  $T$  қолайлы шамалары EN ISO 1127 стандартында берілген.

#### 8.8.2 Масса

Ұзындық бірлігіне кететін массаны есептеу үшін EN 10088-1 келтірілген тығыздық мәні пайдаланылады.

#### 8.8.3 Ұзындық

Егер 19-опция тандалмаса, құбырлар еркін ұзындықта жеткізіледі. Ұзындықтар диапазоны сұрау салу немесе тапсырыс беру кезінде келісілуі тиіс.

**19-опция:** Құбырлар сұрау салуда немесе тапсырыста көрсетілетін дәл ұзындықта жеткізіледі. Ұзындық бойынша рұқсаттық шектер 8.8.4.4 сәйкес келулері тиіс.

#### 8.8.4 Рұқсаттық шектер

8.8.4.1 Сыртқы диаметр мен қабырғалардың қалыңдығы бойынша рұқсаттық шектер.

Құбырлар қабырғаларының диаметрі мен қалыңдығы 10-кестеде келтірілген рұқсаттық шектер бойынша рұқсат етілген шектер шегінде болуы тиіс. Рұқсаттық шектер EN ISO 1127 сәйкес жіктеледі.

10-кесте. Сыртқы диаметр мен қабырғалардың қалыңдығы бойынша рұқсаттық шектер

Сыртқы диаметр $D$ мм	Сыртқы диаметрге рұқсаттық шек, $D$		Қабырғалар қалыңдығына рұқсаттық шек $T$	
	Рұқсаттық класы	Рұқсат етілген ауытқу	Рұқсаттық класы	Рұқсат етілген ауытқу
$D \leq 168,3$	D3	$\pm 0,75\%$ немесе $\pm 0,3$ мм (үлкен мән)	T3	$\pm 10\%$ немесе $\pm 0,2$ мм (үлкен мән)
	D4 <sup>a</sup>	$\pm 0,5\%$ немесе $\pm 0,1$ мм (үлкен мән)		
$D > 168,3$	D2	$\pm 1,0\%$		

<sup>a</sup>20-опция: Рұқсаттық класы D4 көрсетіледі.

8.8.4.2 Дәнекерленген жіктің биіктігі

Сыртқы және ішкі дәнекерленген жіктердің биіктігі 11 -кестеде көрсетілген шектерде болуы тиіс.

**11 -кесте–Дәнекерленген жіктің максималды биіктігі**

Өлшемдері миллиметрмен берілген

Режим (1-кестеге сәйкес)	Жіктің күйі	Дәнекерленген жіктің максималды биіктігі	
		T≤8	T>8
01 және 04	Дәнекерлеуден кейін	0,10 T +0,5	T/6
02 және 05	Дәнекерлеу, сыртқы тегістеу D ≤ 114.3 үшін	0.06 T + 0,3	-
	Дәнекерлеу, сыртқы тегістеу D>114.3 үшін	0,05 T + 0,5	T/10
03 және 05	Дәнекерлеу, ерітілген жік	0,15	-

8.8.4.3 Жіктегі тілімшелердің немесе жолақтардың шеттерінің радиальды жылжуы  
Тілімшелердің немесе жолақтардың іргелес шеттерінің радиальды жылжуы, қабырғалардың берілген қалыңдығынан 10% шегінде болуы тиіс.

8.8.4.4 Ұзындық бойынша рұқсаттық шектер

Дәл ұзындық бойынша рұқсаттық шектер 12-кестеде келтірілген.

**12-кесте. Ұзындық бойынша рұқсаттық шектер**

Ұзындық L (мм)	Дәл ұзындық бойынша рұқсаттық шектер(мм)
L≤6000	+ 5 0
6000 <L≤12 000	+ 10 0
L>12 000	+ келісім бойынша 0

8.8.4.5 Сопақтық

Сопақтық (θ) келесі тендеу бойынша есептелуі мүмкін:

$$\theta = \frac{D_{max}-D_{min}}{D} \times 100, \quad (1)$$

Мұндағы θ= сопақтық, %;

D<sub>max</sub>, D<sub>min</sub> = бір жазықтықта өлшенген максималды және минималды сыртқы диаметрлер, мм;

D= белгіленген сыртқы диаметр, мм.

Сыртқы диаметрі D ≤ 406,4 мм болатын құбырлар үшін, сопақтық, диаметр бойынша рұқсаттық шектің шегіне кіргізілуі тиіс.

Сыртқы диаметрі D > 406,4 мм болатын және D/T ≤ 100 болатын құбырлар үшін, сопақтық 2%-дан аспауы тиіс.

D/T > 100 арақатынасындағы құбырлар үшін сопақтықтың мәні сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісілуі тиіс.

## 9 Сәйкестікті бағалау

### 9.1 Сапа туралы құжаттардың типтері

Құбырлар үшін тапсырыс талаптарына сәйкестік осы стандартқа сәйкес, сәйкестікті бағалаумен куәландырылуы тиіс.

Егер EN 10204 бойынша «2.1 типтегі» тапсырыс талаптарына сәйкестік декларациясы берілген болса, тапсырысты растаған кезде материалды дайындаушы, оның құзыретті ұйыммен сертификатталған, сапаға кепіл беру жүйесіне сәйкес жұмыс істегендігін, және оның дәнекерлеу жұмыстары бойынша аттестаттауды, дәнекерлеу аппараттары операторларының және бұзылмайтын сынаулардың аттестатталуын қоса алғанда, дәнекерлеу құбырларының өндірісі кезінде пайдаланылатын процестер мен материалдар бойынша арнайы аттестаттаудан өткендігін көрсетуі тиіс.<sup>1</sup>

### 9.2 Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттары

#### 9.2.1 Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттарының типтері

Егер 21-опция таңдалмаса, EN 10204 бойынша «2.1 типтегі» тапсырыстың талаптарына сәйкестік декларациясы пайдаланылады.

*21-опция: EN 10204 бойынша «2.2 типтегі» сынау хаттамаларының бірі жариялануы мүмкін.*

Егер EN 10204 бойынша «2.2 типтегі» сынау хаттамасы белгіленсе, сатып алушы, сәйкестікті бағалауды өткізетін және сәйкестікті бағалау құжатын дайындайтын маман туралы немесе ұйымның атауы мен мекенжайы туралы дайындаушыны хабардар етеді.

Егер EN 10204 бойынша қабылдау актісі «3.2 типте» болса, сертификатты шығаратын тарапты келісу керек.

Егер EN 10204 бойынша қабылдау актісі «3.1 типте» болса, сәйкестікті бағалауды дайындаушы немесе құзыретті тарап өткізетін болады.

#### 9.2.2 Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттарының мазмұны

Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттарының мазмұны EN 10168 сәйкес келуі тиіс.

Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттарының барлық типтерінде жеткізілген өнімнің ерекшеліктің және тапсырыстың талаптарына сәйкестігі туралы қорытындысы болуы тиіс.

Тапсырыс талаптарына сәйкестік декларациясында немесе қабылдау актісінде келесі кодтар жөн ақпарат қамтылуы тиіс:

- А коммерциялық келісім және қатысушы тараптар;
- В сәйкестікті бағалау құжаты ресімделген өнімнің сипаттамасы;
- C01-C03 сынауларға арналған үлгілердің орналасуы, сынау температурасы;
- C10-C13 созуға сынау;
- C40-C43 соққыға сынау, егер мүмкін болса;
- C60-C69 өзге сынаулар (мысалы, жалпаюға сынау);
- C71-C92 құйманы талдау бойынша химиялық құрам (өнімді талдау, егер мүмкін болса);
- D01 таңбалау және сәй-кестендіру, беттің сыртқы түрі, пішіні және өлшемдік сипаттамалары;
- D02-D99 герметикалық, бұзылмайтын бақылау, материалды сәй-кестендіру;
- Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу бойынша аттестаттауға сілтеме;
- Дәнекерлеу аппараттарының операторын аттестаттауға сілтеме;
- Бұзылмайтын бақылау бойынша аттестаттауға сілтеме;

<sup>1</sup> Аталған талап 97/23/ЕС Директивасында қайталаңады: I қосымша 4.3 тарау үшінші параграф

## ҚР СТ EN 10217-7-2015

Z валидация.

EN 10204 бойынша «2.1 типтегі» тапсырыс талаптарына сәйкестік декларациясына қосымша түрде дайындаушы сапа кепілінің тиісті жүйесінің сертификатына (9.1 қараңыз) сілтеме жасауы мүмкін, егер мүмкін болса.

### 9.3 Қабылдау кезіндегі бақылаудың және сынаулардың қорытындылары

Құбырлар, сұрау салу немесе тапсырыс кезінде анықталғандай, 1 немесе 2 сынау санаттарына сәйкес бағалануы және сыналуды тиіс (6.1 қараңыз).

Өткізілетін бақылауды және сынауды қабылдау 13 -кестеде жинақталған.

## 10 Үлгілерді іріктеу

### 10.1 Өнімнің сыналатын бірлігі

Өнімнің сыналатын бірлігіне, дәл сондай белгілі-бір диаметрі мен қабырғаларының қалыңдығы, болат маркасы, сондай құймадан дайындалған, сондай өндірістік процестің, үздіксіз әрекет пешінде дәл сондай толық өңделген немесе мерзімдік әрекеттегі ұқсас пеште термиялық өңделген құбыр жатуы тиіс.

Өнімнің сыналатын бірлігі үшін ұзындығы ерікті мәндерден<sup>1)</sup> тұратын құбырлар саны максимум 100, жалпы ұзындығы максимум 2000 м болуы тиіс.

1) Ұзындықтың ерікті мәндері жеткізілетін құбырлардың ұзындығынан ерекшеленуі мүмкін (8.8.3 қараңыз).

### 13-кесте. Қабылдау кезіндегі бақылауды және сынауларды бағалау ақпары

Қабылдау кезіндегі бақылауды немесе сынауларды бағалау типі		Сынаулар жиілігі		Сілтеме	Сынауларға арналған стандарт
		1 санаттың сынаулары	2 санаттың сынаулары		
Міндетті сынаулар	Құймаларды талдау	Құймаға бір сынау	Құймаға бір сынау	11.1	
	Бөлме температурасында созуға сынау	Сыналатын бірлікке бірсынау	Сыналатын бірлікке екісынау	11.2.1	EN ISO 6892-1
	Жалпаюға сынау <sup>a</sup> немесе Созуға сақиналық сынау <sup>a</sup> немесе Кеңейтілуге сынау <sup>a</sup> немесе Диаметрде кеңейтілуге сынау <sup>a</sup> немесе Жікті иіліске сынау	Сыналатын бірлікке бірсынау	Әр құбыр	11.4.1 11.4.2 11.4.3 11.4.4 11.5	EN ISO 8492 EN ISO 8496 EN ISO 8493 EN ISO 8495 EN ISO 5173
	Герметикалыққа сынау	Әр құбыр		11.8	EN ISO 10893-1
	Өлшемдік бақылау			11.9	
	Көзбен шолпық зерттеу			11.10	
	Жіктің бұзылмайтын бақылауы <sup>b</sup> a) Құйынды ток b) Ультрадыбыстық сынау c) Ультрадыбыстық сынау d) Радиографиялық сынау			11.11	EN ISO 10893-2 EN ISO 10893-11 EN ISO 10893-6 EN ISO 10893-7
	Материалды сәй-кестендіру			11.12	
	Өнімді талдау (6-опция)	Құймаға бір сынау	Құймаға бір сынау	11.1	

13-кестенің соңы

Таңдау бойынша сынаулар	Жоғары температура кезінде созылуға сынау (11-опция)	Келісім бойынша немесеқұймаға бір сынау, және термиялық өңдеудің ұқсас шарттары	Келісім бойынша немесеқұймаға бір сынау, және термиялық өңдеудің ұқсас шарттары	11.2.2	EN ISO 6892-2
	Жікті созылуға сынау (22-опция)			11.3	EN ISO 6892-1
	Бөлме температурасында соққыға сынау (8-опция)			11.6	EN ISO 148-1
	Төмен температурада соққыға сынау (2-опция)			11.6	EN ISO 148-1
	Кристаллитаралықжемірліуін сынау (13-опция)			11.7	EN ISO 3651-2
	Құбырдың шеттерінен алыс орналасқан қабырғалардың қалыңдығын өлшеу (24-опция)	Әр құбыр	Әр құбыр	11.9	
	Жолақтар мен пластиналарды ламинарлық ақаулардың болуына ультрадыбыстық сынау (17-опция)	-		11.11	EN ISO 10893-9
Ламинарлық ақаулардың болуына ультрадыбыстық сынау(16-опция)	-		11.11	EN ISO 10893-8	
<p>a Сынау әдісі 14 -кестеге сәйкес дайындаушының қарауында болады.</p> <p>b Сынау әдісі дайындаушының қарауында болады, бірақ 16 -кестеге түсіндірмені қараңыз.</p> <p>c Үздіксіз дәнекерленген құбырлар үшін, әр өндірістік ұзындық үшін бір шеттен бастап бір сынау (максимум 18 м)</p>					

**10.2 Сынауларға арналған үлгілерді дайындау**

10.2.1 Өнімді талдау үшін үлгілерді таңдау және дайындау

Өнімді талдауға арналған үлгілер сынауларға арналған механикалық үлгілерден немесе EN ISO 14284 сәйкес, механикалық сынаулар жүргізілетін жердегі құбырдың қалыңдығынан іріктелеуі тиіс.

10.2.2 Механикалық қасиеттерді сынау үшін үлгілерді орналастыру, бағдарлау және дайындау

10.2.2.1 Жалпы

Сынауларға арналған үлгілер EN ISO 377 сәйкес құбырдың шеттерінен іріктелеуі тиіс.

10.2.2.2 Базалық материалды созып сынауға арналған үлгілер

Базалық материалды созып сынауға арналған үлгілер бөлме температурасында EN 6892-1 сәйкес дайындалуы тиіс.

Базалық материалды созып сынауға арналған үлгілержоғары температурада EN 6892-2 сәйкес дайындалуы тиіс.

Дайындаушының қарауы бойынша:

- сыртқы диаметрі  $D \leq 219.1$  мм болатын құбырлар үшін, сынауға арналған үлгі ретінде құбырдың тұтас кесіндісі, не болмаса құбыр осінің бағыты бойынша алынған жолақтың кесіндісі болуы тиіс;

- сыртқы диаметрі  $D > 219.1$  мм және  $\leq 508$  мм болатын құбырлар үшін, сынауларға арналған үлгі көлденең бағытта да, сондай-ақ егер мүмкін болса, құбыр осінің бойымен де таңдалуы мүмкін. Сынауға арналған үлгі ретінде не тегістелген жолақ, не болмаса дөңгелек профильдің тегістелмеген өңделген үлгісі болуы тиіс;

- сыртқы диаметрі  $D > 508$  мм болатын құбырлар үшін, сынауларға арналған үлгі құбыр осінің көлденең бағытында таңдалуы тиіс;

Жолақ кескіні және дөңгелек профильдің үлгісі жікке қарама-қарсы жақтан алынуы тиіс.

10.2.2.3 Жікті созып сынауға арналған үлгілер

## ҚР СТ EN 10217-7-2015

Дәнекерленген жікті созып сынауға арналған үлгілер жіктің көлденең бойынан таңдалуы тиіс, бұл ретте жік ортасында болуы тиіс. Үлгі ретінде, тегістелуі мүмкін, құбырдың толық қалыңдығымен алынатын жолақтың кескіні болуы мүмкін; ерітілген жік жойылуы мүмкін.

**22-опция:** *Сыртқы диаметрі 219,1 мм-ден асатын құбырлар үшін, жікті көлденең созуға сынау жүргізіледі.*

10.2.2.4 Жалпаюға, сақиналық созуға, кеңейтуге, диаметрде кеңейтуге сынауға арналған үлгілер

Жалпаюға, сақиналық созуға, кеңейтуге, диаметрде кеңейтуге сынауға арналған үлгілер EN ISO 8492, EN ISO 8496, EN ISO 8493 немесе EN ISO 8495 сәйкес құбырдың толық секциясынан тұрулары тиіс.

10.2.2.5 Дәнекерленген жікті иіліске сынауға арналған үлгілер

Дәнекерленген жікті иіліске сынауға арналған үлгілер сол жіктің басында немесе оның қимасында EN ISO 5173 сәйкес дайындалуы тиіс.

10.2.2.6 Соққыға сынауға арналған үлгілер

Үш стандарттық V-тәріздес үлгі EN ISO 5173 сәйкес дайындалуы тиіс. Егер бұйымның номиналды қалыңдығы, секцияны тегістемей сынау үшін стандарттық үлгіні дайындауға мүмкіндік бермесе, ені 10 мм-ден аз болатын, бірақ 5 мм-ден кем болмайтын үлгілер дайындалуы тиіс және максималды қолжетімді енді пайдаланған жөн.


Егер ені 5 мм-ден кем болмайтын үлгілерді дайындау мүмкін болмаса, құбырлар соққыға сыналмайды.

Сынауларға арналған үлгілер құбыр осінің көлденең бойынан іріктелуі тиіс; келтірілген формула бойынша есептелінген  $D_{\min}$  сыртқы диаметрдің белгіленген мәніне қарағанда артық болатын жағдайды есепке алмағанда, бұл жағдайда үлгілер құбырдың осі бойынан іріктеледі:

$$D_{\min} = (T-5) + [756,25/(T-5)] \quad (2)$$

Үлгілердің орналасуы 8.3 қараңыз, 8-ші және 12-ші опциялар.

Сынауларға арналған үлгілер, ойықтың осьтік сызығы құбырдың бетіне перпендикулярлы болатындай етіп дайындалулары тиіс, 2 суретті қараңыз.



Мұндағы

1 – сынауға арналған бойлық үлгі;

2 сынауға арналған көлденең үлгі;

Ойықтың осьтік сызығы

құбырдың бетіне перпендикулярлы

**2-сурет. Соққыға сынауға арналған үлгінің бағдары**

10.2.2.7 Кристаллитаралық жемірілуін сынауларға арналған үлгілер  
Кристаллитаралық жемірілуін сынауларға арналған үлгілер EN ISO 3651-2 сәйкес дайындалуы тиіс.

## 11 Сынау әдістері

### 11.1 Химиялық талдау

Анықталып және сипатталып отырған элементтер 3 және 4 -кестелердің деректеріне сәйкес келулері тиіс. Талдаудың қолайлы физикалық немесе химиялық талдамалы әдісі дайындаушының қарауында болады. Даулы жағдайда әдіс CEN/TR 10261B ескеріп дайындаушы мен сатып алушы арасында келісіледі.

### 11.2 Базалық материалды созылуға сынау

#### 11.2.1 Бөлме температурасы кезінде

Сынау бөлме температурасында EN ISO 6892-1 сәйкес өткізіледі, бұл ретте мыналар анықталады:

- созылуға беріктік ( $R_m$ );
- беріктік шегінің 0,2 %-ы ( $R_{p0.2}$ ) және, егер мүмкін болса, беріктік шегінің 1,0 %-ы ( $R_{p1,0}$ );
- үзілуден кейінгі  $\sqrt{S_0}$  тең болатын, ұзындық өлшеміне ( $L_0$ ) қатысты ұзару пайызы, егер сынау үшін пропорционалды емес үлгіні алса, ұзару пайызы ұзындық өлшеміне қайта есептелінеді

$L_0 = \sqrt{S_0}$  EN ISO 2566-2 келтірілген -кестелерді пайдаланып.

#### 11.2.2 Жоғары температура кезінде

Сынау EN ISO 6892-2 сәйкес, сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісілген температурада өткізіледі (6.2 қараңыз) және беріктік шегінің 0,2 % ( $R_{p0.2}$ ) шамасы және, егер мүмкін болса, беріктік шегінің 1,0 % ( $R_{p1,0}$ ) шамасы анықталады.

### 11.3 Дәнекерленген жікті көлденең созылуға сынау

Сынау EN ISO 6892-1 сәйкес бөлме температурасында өткізіледі, беріктік шегінің 0,2 % ( $R_{p0.2}$ ) шамасы анықталады.

### 11.4 Технологиялық сынаулар

#### 11.4.1 Жалпы

Құбырдың өлшемдеріне байланысты, 14 -кестеде келтірілген сынаулардың біреуі өткізіледі.

14-кесте– Технологиялық сынаулар

Сыртқы диаметр D	Қабырғалардың қалыңдығы T, мм		
	<2	>2≤16	>16≤40
мм			
≤18	Жалпаюға сынау <sup>a,b</sup>	Жалпаюға сынау <sup>a,b</sup>	—
18<D≤150	Жалпаюға сынау <sup>a,b</sup>	Диаметрде кеңейтуге сынау <sup>b</sup>	Жалпаюға сынау <sup>a,d</sup>
>150	Созылуға сақиналық сынау <sup>c</sup>	Созылуға сақиналық сынау <sup>c,d</sup>	Созылуға сақиналық сынау <sup>c,d</sup>
<sup>a</sup> Жік не горизонтальды жағдайда (циферблатта 3) не вертикальды жағдайда (циферблатта 12). <sup>b</sup> Аталған сынау дайындаушының қарауы бойынша кейетілуге сынауға ауыстырылуы мүмкін. <sup>c</sup> Аталған сынау дайындаушының қарауы бойынша жалпаюға сынауға ауыстырылуы мүмкін. <sup>d</sup> Аталған сынау дайындаушының қарауы бойынша дәнекерленген жікті иілуге сынауға ауыстырылуы мүмкін.			

## ҚР СТ EN 10217-7-2015

### 11.4.2 Жалпауға сынау

Сынау EN ISO 8492 сәйкес өткізіледі.

Құбырдың кесіндісі, жазықтық арасындағы қашықтық  $H$  төмендегі формула бойынша анықталатын мәнге жеткенге дейін, пресс астында жалпайтылады:

$$H = \frac{1+c}{c+T/D} \cdot T \quad (3)$$

Мұндағы  $H$  - жүктеме астында өлшенген, жазықтықтар арасындағы қашықтық, мм;

$D$  – белгіленген сыртқы диаметр, мм;

$C$  –аустенит-ферритті болат үшін 0,07 шамасына және аустенитті болат үшін 0,09 шамасына тең болатын деформацияның тұрақты факторы.

Сынаудан кейін үлгі жарылулардан немесе бұзылулардан таза болуы тиіс. Алайда, жиектердегі шамалы пайда болып келе жатқан жарылулар брақтауға негіз ретінде қарастырылмауы тиіс.

### 11.4.3 Созылуға сақиналық сынау

Сынау EN ISO 8496 сәйкес өткізіледі.

Құбырдың кесіндісі, үзілу болғанға дейін, перифериялық бағытта созылады.

Үзілуден кейін үлгілерде, үзілу орнын есепке алмағанда, көрінетін жарылулардың болмауы тиіс (үлкейтіп көруді пайдаланбай).

### 11.4.4 Кеңейтуге сынау

Сынау сыртқы диаметрі  $D < 150$  мм және қабырғаларының қалыңдығы  $T < 10$  мм болатын құбырлар үшін ғана өткізіледі. Сынау EN ISO 8493 сәйкес өткізіледі.

Келте құбыр, 15 -кестеде көрсетілген сыртқы диаметрдің  $D$  арту пайызына жеткенге дейін конус тәрізді құралда  $60^\circ$ -қа созылады.

Сынаудан кейін үлгі, үзілу орнын есепке алмағанда, жарылу немесе бұзылу болуы тиіс, бірақ жиектердегі шамалы пайда болып келе жатқан жарылулар брақтау үшін негіз ретінде қарастырылмауы тиіс.

## 15 -кесте– Кеңейтуге сынауға қойылатын талаптар

сыртқы диаметрдің арту пайызыd/D <sup>a</sup>		
≤0,6	>0,6	>0,8
	≤0,8	
9	15	17
<sup>a</sup> d = D - 2T		

### 11.4.5 Диаметрде кеңейтуге сынау

Сынау EN ISO 8495 сәйкес өткізіледі.

Келте құбыр конус тәрізді құралда оның үзілуіне дейін созылады. Егер аустенитті болат үшін ішкі диаметрден 40%-ға кеңеюге және аустенит-феритті болат үшін 30%-ға кеңеюге қолжеткізілсе, сынау орындалды деп есептеледі.

Үзілу маңының сыртқы жағындағы бет, үзілу нүктесін есепке алмағанда, жарылулардан немесе бұзылулардан таза болуы тиіс. Алайда, жиектердегі шамалы пайда болып келе жатқан жарылулар брақтау үшін негіз ретінде қарастырылмауы тиіс.

### 11.5 Дәнекерленген жікті иіліске сынау

Сынау EN ISO 5173 сәйкес, диаметрі 3T болатын жақтауды пайдаланып жүргізіледі.

Сынаудан кейін үлгі жарылулардан немесе саңылаулардан таза болуы тиіс, бірақ оның жиектеріндегі шамалы ақаулар брақтау үшін негіз ретінде қарастырылмауы тиіс.

**11.6 Соққыға сынау**

11.6.1 Сынау EN ISO 148-1 сәйкес, тиісті опцияда көрсетілген температурада өткізіледі (6.2 қараңыз).

11.6.2 Сынауларға арналған үш үлгі үшін орташа мән 6 немесе 7-кестелердің талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Жеке мән белгіленгеннен төмен болуы мүмкін, бірақ оның мәнінің 70%-нан аз болмауы керек.

11.6.3 Егер сынауларға арналған үлгінің ені ( $W$ ) 10 мм-ден төмен болса, өлшенген соққы энергиясы ( $KV_p$ ) төмендегі формула бойынша соққы энергиясына ( $KV_C$ ) қайта есептелуі тиіс:

$$KV_C = \frac{10 \times KV_p}{W} \quad (4)$$

Мұндағы  $KV_C$  есептелінген соққы энергиясы, Дж;

$KV_p$  өлшенген соққы энергиясы, Дж;

$W$  сынауларға арналған үлгінің ені, мм.

Есептелінген соққы энергиясы  $KV_C$  11.6.2 келтірілген талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

11.6.4 Егер 11.6.2 талаптары орындалмаса, дайындаушының қарауы бойынша дәл сол үлгілерден үш үлгіде қосымша сынау жүргізіледі. Сынауды қанағаттандырылдық деп есептеу үшін, оны қайталағаннан кейін, бір уақытта келесі шарттар орындалуы тиіс:

- алты сынаудың орташа мәні белгіленген минималды орташа мәннен артық немесе оған тең болуы тиіс;

- алты жеке мәндердің ішінде екеуден артық емесі белгіленген минималды орташа мәннен төмен болуы мүмкін;

- алты жеке мәндердің ішінде біреуден артық емесі белгіленген минималды орташа мәнің 70%-ына қарағанда төмен болуы мүмкін;

11.6.5 Сынауларға арналған үлгінің мм-мен алынған өлшемдері, өлшенген соққы энергиясының мәні және табылған орташа мән келтірілуі тиіс.

**11.7 Кристаллитаралық жемірілуін сынау**

Кристаллитаралық жемірілуін сынау EN ISO 3651-2 сәйкес, белгіленген әдіс бойынша өткізіледі (А немесе В немесе С).

**11.8 Герметикалыққа сынау****11.8.1 Гидростатикалық сынау**

Гидростатикалық сынау 70 бар<sup>2)</sup> қысымда немесе төменде келтірілген теңдеу бойынша есептелінген қысым кезінде өткізіледі:

$$P = 20 \frac{S \times T}{D} \quad (5)$$

Мұндағы  $P$  – сынау кезіндегі қысым, бар;

$D$  – белгіленген сыртқы диаметр, мм;

$T$  – белгіленген қабырғалар қалыңдығы, мм;

$S$  – болаттың аталған маркасы үшін көрсетілген минималды беріктік шегінен 70%-ға сәйкес келетін кернеу, МПа (6 және 7 -кестелерін қараңыз).

Сынау қысымы сыртқы диаметрі  $D \leq 457$  мм болатын құбырлар үшін кем дегенде 5 с және сыртқы диаметрі  $D > 457$  мм болатын құбырлар үшін кемінде 10 с ұсталады.

Құбыр, сынауды көзге көрінетін ағып кетусіз немесе деформациясыз көтеруі тиіс.

## ҚР СТ EN 10217-7-2015

Ескерту – осы герметикалыққа гидростатикалық сынау беріктікке сынау болып саналмайды.

**23-опция:** 11.8.1 тармақшасында көрсетілгеннен өзгешеленетін және белгіленген минималды беріктік шегінен ( $R_{p0.2}$ ) 90%-дан төмен болатын кернеуге сәйкес келетін сынау қысымы (6 және 7 -кестелерін қараңыз) болатын қарастырылып отырған маркасы үшін, белгіленуі тиіс.

2) 1 бар = 100 кПа

11.8.2 Құйынды токпен сынау  
Сынау EN ISO 10893-1 сәйкес жүргізіледі.

### 11.9 Өлшемдердің сәйкестігін бағалау

Белгіленген өлшемдер, түзу сызықтылықты қоса алғанда, тексерілуі тиіс.

Сыртқы диаметр құбырдың шетінде өлшенуі тиіс.  $D > 168,3$  мм болатын құбырлар үшін диаметр шеңбер бойынша сыммен өлшенуі мүмкін.

Егер 24-опция таңдалмаса, қабырғалар қалыңдығы құбырдың екі шетінен өлшенеді.

**24-опция:** Қабырғалар қалыңдығы белгіленген рәсімге сәйкес құбырлардың шеттерінен алыс жерде өлшенеді.

### 11.10 Көзбен шолып тексеріп-қарау

Құбырлар 8.5.1 талаптарына сәйкестікке көзбен шолу арқылы қаралуы тиіс.

### 11.11 Бұзылмайтын сынау

11.11.1 Құбырдың дәнекерленген жігі бүкіл ұзындығы бойынша 16-кестеде келтірілген әдіске және қабылдау деңгейіне сәйкес сыналуы тиіс.

## 16 –кесте. Дәнекерленген жіктің бұзылмайтын бақылауы үшін сынау әдісі және қабылдау деңгейі

Сынау әдісі <sup>a</sup>	Мыналар үшін қабылдау деңгейі	
	1 сынау санатсы	2 сынау санатсы
EN ISO 10893-2b	E1 немесе E2	E1H немесе E2
EN ISO 10893-10	U3, суб-санат C	U2, суб-санат C
EN ISO 10893-11c	U3	U2
EN ISO 10893-6 <sup>d</sup>	Бейнелеу класы A	
EN ISO 10893-7 <sup>e</sup>	Бейнелеу класы A	Бейнелеу класы A

<sup>a</sup> Егер 25-опция таңдалмаса, сынау әдісі дайындаушының қарауында болады.  
**25-опция:** Бұзылмайтын сынау әдісін сатып алушы анықтайды  
<sup>b</sup> Қабырғаларының қалыңдығы 6 мм-ден аспайтын құбырлар үшін ғана.  
<sup>c</sup> Доғалық дәнекерлеумен алынған құбырлар үшін.  
<sup>d</sup> **26-опция:** EN ISO 10893-6 бойынша бейнелеу сапасының класы B, дәнекерленген жікті радиографиялық сынау кезінде қолданылады.  
<sup>e</sup> **29-опция:** EN ISO 10893-7 бойынша бейнелеу сапасының класы B, дәнекерленген жікті цифрлық радиографиялық сынау кезінде қолданылады.

Құбырдың шеттеріндегі дәнекерленген жік автоматты түрде зерттелмейді және 1 және U2 сынау санатлары үшін U3 қабылдау деңгейі, C суб-санатсы бойынша, 2 сынау санаты үшін C суб-санаты бойынша EN 10246-7 сәйкес қолмен реттелетін немесе жартылай автоматты ультрадыбыстық сыналуы тиіс немесе кесілуі қажет.

11.11.2 Егер 16-опция таңдалса (8.5.2.3 қараңыз), 2 сынау санатының құбырлары EN 10246-17 сәйкес құбырдың шеттерінде ламинарлық ақаулардың болуына ультрадыбыстық сыналуы қажет.

11.11.3 Егер 17-опция таңдалса (8.5.2.3 қараңыз), 2 сынау санатының құбырларын дайындау үшін пайдаланылатын жолақтардың/тілімшелердің жиектері, U2 қабылдау деңгейі бойынша EN 10246-16 сәйкес ламинарлық ақаулардың болуына ультрадыбыстық сыналуы тиіс.

### 11.12 Материалды сәйкестендіру

Әр құбыр болаттың дұрыс маркасы пайдаланылуы үшін қолайлы әдіспен тексерілуі қажет.

### 11.13 Қайталама сынаулар, сұрыптау және өңдеу

EN 10021 қараңыз.

## 12 Таңбалау

### 12.1 Қоса берілген таңбалау

Құбырдың өлшеміне байланысты, келесі таңбалау, құбырлары бар бумаға немесе жәшікке жабыстырылатын заттаңбаларда пайдаланылуы тиіс, не болмаса әр құбыр ең болмаса бір шетінде өшпейтін түрде белгіленуі қажет.

Таңбалауда келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

-дайындаушының атауы немесе сауда белгісі;

-құбырлардың өлшемі;

-осыстандарттың нөмірі және болаттың атауы (немесе нөмірі) (5.2 қараңыз);

-құйманың нөмірі немесе кодтық нөмірі;

-санат, егер пайдаланылатын болса (7.2.1 және 7.2.3 қараңыз);

-сәйкестікті бағалау өкілінің белгісі;

-жеткізілім немесе өнім бірлігінің тиісті құжатпен арақатынасын белгілеуге мүмкіндік беретін сәй-кестендіру нөмірі (мысалы тармақ немесе тапсырыс нөмірі).

Дайындаушының карауында:

-жеткізілім шарттарын белгілейтін символ (2-кестені қараңыз).

**Таңбалау мысалы**- X - 168,3 X 4,5 –СТ РК EN 10217-7 - X5CrNi18-10 - TC1 -W1 -Y-Z<sub>1</sub> –Z<sub>2</sub>

мұнда: X – дайындаушының белгісі;

TC1 - 1 сынау санатының белгілеуі;

W1 - жеткізілім шарттарының белгілеуі;

Y - құйма нөмірі немесе кодтық нөмір;

Z<sub>1</sub> - сәйкестікті бағалау өкілінің белгісі;

Z<sub>2</sub>-сәйкестендіру нөмірі.

### 12.2 Қосымша таңбалау

**27-опция:** *Сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісілген қосымша таңбалау қолданылады.*

## 13 Айналым және буып-түю

Құбырлар, олармен түйіспеуі тиіс көміртекті болат ленталардан қорғалуы қажет.

**28-опция:** *Сұрау салу немесе тапсырыс кезінде анықталған арнайы қорғау қолданылады.*

**ZA қосымшасы  
(ақпараттық)**

**EN 10217-7:2014 Еуропалық Стандартты мен 97/23/ЕОЕО Директивасының маңызды талаптарының арасындағы арақатынас**

EN 10217-7:2014 арнайы талаптар үшін техникалық шешімдерді қамтамасыз ету арқылы қысыммен жұмыс істейтін жабдықтар үшін 97/23/ЕО Директивасының негізгі қауіпсіздік талаптарын қолдау мақсатында Еуропалық Комиссияның және Еуропалық Еркін Сауда Қауымдастығының СЕН-ге берген тапсырмасы бойынша дайындалды.

Осы Стандарт Еуропалық Қоғамдастықтың Ресми Журналында Директивамен байланысып дәйексез етіледі және кем дегенде бір мүше – мемлекет үшін ұлттық стандарт ретінде қолданылады, ZA.1 -кестесінде көрсетілген осы стандарттың тармақтарымен келісу, осы стандарттың қолданылу шегінде Директиваның маңызды талаптарына және Еуропалық Еркін Сауда Қауымдастығының нормаларына сәйкестік презумпциясын ұсынады.

**ZA.1-кестесі—Еуропалық Стандарт пен 97/23/ЕО Директивасының арасындағы сәйкестік**

Осы EN тармақтары/тармақшалары	Қысыммен жұмыс істейтін жабдық 97/23/ЕО Директивасы І-ші қосымшасы	Мазмұны
7.2.3	3.1.2	Дәнекерлеу
7.2.1	3.1.3	Бұзылмайтын сынаулар
8.3	4.1a	Тиісті материалдардың қасиеттері
8.2 және 8.3.2, 3-кесте, 4 –кесте және 8 -кесте	4.1c	Тозу
7.2 және 8.5	4.1d	Технологиялық процесс үшін жарамдылық
9 және 10	4.3	Құжаттама

**Ескертпе: Басқа талаптар және ЕО-ың өзге Директивалары осы Еуропалық Стандарттың қолданыс саласына түсетін өнімге, сондай-ақ қолданылуы мүмкін.**

**В.А қосымшасы**  
(ақпараттық)

**В. 1 –кестесі. Стандарттардың сілтемелік халықаралық, өңірлік стандарттарға, шетел мемлекеттерінің стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер**

Халықаралық, өңірлік стандарттардың, шетел мемлекетінің стандартының белгілеуі және атауы	Сәйкестік дәрежесі	Ұлттық стандарттың, мемлекетаралық стандарттың белгілеуі және атауы
EN 10020 Болат сұрыптарының анықтамасы мен жіктеуі	IDT	ҚР СТ EN 10020-2012 – Болат. Болат маркаларының анықтамасы және жіктеуі.
EN 10021 Болаттан дайындалған бұйымдар. Жеткізілімнің жалпы техникалық шарттары.	IDT	ҚР СТ EN 10021-201_ Болат және болаттан дайындалған бұйымдар. Жеткізілімнің жалпы техникалық шарттары*
EN 10027-1 Болатқа арналған белгілеулер жүйесі. 1-бөлім: Болаттың атаулары, негізгі символдар.	IDT	ҚР СТ EN 10027-1-2012 Болаттарға арналған белгілеулер жүйесі. 1-бөлім. Болаттардың атауы.
EN 10027-2 Болаттарға арналған белгілеулер жүйесі. 2-бөлім: сандық жүйе.	IDT	ҚР СТ EN 10027-2-2012 Болаттарға арналған белгілеулер жүйесі. 2-бөлім. Нөмірлеу жүйесі.
EN 10028-7:2007 Қысыммен жұмыс істеуге арналған болаттан дайындалған жалпақ бұйымдар. 7 - бөлім: Тот баспайтын болаттар.	IDT	ГОСТ EN 10028-7-2007 Қысыммен жұмыс істеуге арналған болат жалпақ бұйымдар. 7-бөлім: Тот баспайтын болаттар
EN 10052 Темірден дайындалған бұйымдарға арналған термиялық өңдеу бойынша терминдер сөздігі.	IDT	ҚР СТ EN 10052-2013 ҚАРАМЕТАЛДАРДАН ДАЙЫНДАЛҒАН ӨНІМДІ ТЕРМИЯЛЫҚ ӨНДЕУ Терминдер мен анықтамалар
EN 10088-1 Тот баспайтын болаттар. 1 бөлім: Тот баспайтын болаттар тізбесі.	IDT	ҚР СТ СТБ EN 10088-1-2011 Тот баспайтын болаттар. 1-бөлім: Тот баспайтын болаттар тізбесі
EN 10168:2004 Болаттан дайындалған бұйымдар. Қабылдау кезіндегі бақылау актілері. Ақпарат тізбесі және сипаттамасы.	IDT	ҚР СТ EN 10168-2012 Болаттан дайындалған бұйымдар. Қабылдау кезіндегі бақылау актілері. Ақпарат тізбесі және сипаттамасы
EN 10204:2004 Металл өнімдері. Инспекциялық құжаттар типтері.	IDT	ҚР СТ EN 10204-2012 Металл өнімдері. Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттарының типтері

Халықаралық, өңірлік стандарттардың, шетел мемлекетінің стандартының белгілеуі және атауы	Сәйкестік дәрежесі	Ұлттық стандарттың, мемлекетаралық стандарттың белгілеуі және атауы
EN ISO 148-1:2010 Металл материалдар. Шарпи бойынша маятникті көперде соққыға сынау. 1 бөлім. Сынау әдісі.	MOD	ҚР СТ 1765-2008 «Болат. Шарпи бойынша соққылық беріктікке сынау (U-тәріздес кертiгi барүлгiлер)»
EN ISO 377:2013 Болат және болаттан дайындалған өнім. Механикалық сынаулар кезінде сынауларға арналған үлгілерді орналастыру (ISO 377:2013).	IDT	ҚР СТ ИСО 377-2011 «Болат және болат бұйымдар. Механикалық сынауларға арналған фрагменттер мен үлгілердің орналасуы және оларды дайындау»
EN ISO 2566-2 Болат. Созу шамаларын түрлендіру. 2 бөлім: Аустенитті болаттар (ISO 2566-2).	IDT	ҚР СТ ИСО 2566-2-2012 Болат. Салыстырмалы ұзарту шамаларын аудару -кестесі. 2-бөлім. Аустенитті болат
EN ISO 3651-2:1998Тот баспайтын болаттардың кристаллитаралық коррозиясының кедергісін анықтау. 2 бөлім: Ферритті, аустенитті және феррит-аустенитті (дуплексті) тот баспайтын болаттар. Күкірт қышқылы бар ортада коррозиялық сынаулар (ISO 3651-2:1998).	IDT	ҚР СТ ИСО 3651-2-2012 Тот баспайтын болаттар. Тот баспайтын болаттардың кристаллитаралық коррозиясының беріктігін анықтау. 2-бөлім: Ферритті, аустенитті және феррит-аустенитті (дуплекс) тот баспайтын болаттар. Күкірт қышқылы бар ортада коррозиялық сынаулар
EN ISO 6892-1:2009 Металл материалдар. Созылуға сынаулар. 1 бөлім. Бөлме температурасында сынау. (ISO 6892-1:2009).	IDT	ҚР СТ ИСО 6892-1-2010 «Металл материалдар. Созылуға сынаулар. 1-бөлім. Бөлме температурасында сынау»
EN ISO 9712:2012 Бұзылмайтын бақылау. Персоналдың біліктілігі және оны аттестаттау (ISO 9712:2012).	IDT	ҚР СТ ИСО 9712-2008 «Бұзылмайтын бақылау. Персоналдың біліктілігі және оны аттестаттау»
EN ISO 14284:2002 Шойын, болат және қорытпалар. Химиялық құрамды анықтау үшін сынамаларды іріктеу әдісі (ISO 14284:2006).	IDT	ҚР СТ ИСО 14284-2011 «Шойын және болат. Химиялық құрамды анықтау үшін үлгілерді іріктеу және дайындау»
ISO 11484:2009 Болат бұйымдар. Жұмыс берушінің персонал үшін бұзылмайтын бақылау бойынша біліктілік жүйесі	IDT	ҚР СТ ИСО 11484-2011 Болат бұйымдар. Жұмыс берушінің персонал үшін бұзылмайтын бақылау бойынша біліктілік жүйесі*
97/23/ЕО Директивасы Қысыммен жұмыс істейтін жабдық - Pressure equipment directive (PED)	NEQ	«Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» TP
*Жариялануы тиіс		

---

**ӘОЖ 77.140.75**

**МСЖ 75.180**

**Түйін сөздер:** қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар, тот баспайтын болаттан дайындалған құбырлар, құбырларға арналған жеткізілімнің техникалық шарттары

---





**НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**Трубы стальные сварные для работы под давлением  
Технические условия поставки**

**Часть 7  
ТРУБЫ ИЗ НЕРЖАВЕЮЩЕЙ СТАЛИ**

**СТ РК EN 10217-7-2015**

*(EN 10217 – 7 - 2014 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions -  
Part 7: Stainless steel tubes, IDT)*

**Настоящий национальный стандарт является идентичным воспроизведением  
европейского стандарта EN 10217-7:2014 и принят с разрешения CEN, по адресу: пр.  
Марникс 17, В-1000 Брюссель**

**Издание официальное**

**Комитет технического регулирования и метрологии  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан  
(Госстандарт)**

**Астана**

## Предисловие

**1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН** Акционерным обществом «Информационно-аналитический центр нефти и газа».

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан № 234-од от 24 ноября 2015 года.

**3 Настоящий стандарт идентичен европейскому стандарту *EN 10217-7-2014 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 7: Stainless steel tubes*** (Трубы стальные сварные для работы под давлением. Технические условия поставки. Часть 7. Трубы из нержавеющей стали).

Настоящий стандарт реализует существенные требования безопасности Директив(ы) ЕС, приведенные в Приложении ZA.

Европейский стандарт подготовлен техническим комитетом ECISS/TC 110 Трубы стальные, фитинги стальные и чугунные.

Перевод с английского языка (en).

Официальные экземпляры европейских стандартов, на основе которых подготовлен настоящий стандарт, и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов.

Отдельные фразы, термины, приведенные в официальной версии европейского стандарта, изменены или заменены словами синонимами в целях соблюдения норм государственного и русского языков и принятой терминологии, а также в связи с особенностями построения государственной системы технического регулирования.

Сведения о соответствии стандартов (межгосударственных) ссылочным международным стандартам, приведены в дополнительном Приложении В.А.

Степень соответствия – идентичная (IDT).

